Бекітемін:
№29 «Ай –Керім» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
А.И.Хожамуратова

**Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі**
**«Көліктер»**
**«Бәйтерек» ересек**
**Тәрбиеші: Тажиева Г.О.**



Шымкент
2021г

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім саласы:** «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық»
**Білім бөлімі:** Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру, Жаратылыстану, Жапсыру.
**Тақырыбы:** «Көліктер»
**Мақсаты:** Балалардың көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру. Көлік түрлерімен, арнайы көлік түрлерімен таныстыру, жолда жүру ережесі туралы білімдерін кеңейту.
**Әдіс – тәсіл:** түсіндіру, әңгімелесу, жұмбақ жасыру, көрсету, сұрақ-жауап.
**Қолданылатын құрал:** Көлік түрлері, тақырыптық слайдтар, суреттер.
**Билингвальды компонент:** машина- машина, ұшақ- самолет, пойыз-поезд, қайық- лодка, көлік- транспорт.

| *Қызмет кезеңдері* | **Тәрбиеші қызметі** | ***Балалар қызметі*** |
|---|---|---|
| ***Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі*** | *Шаттық шеңбері.*<br>*Күн жылуын аямасын,*<br>*Шуағымен саяласын.*<br>*«Достық» деген бәйтеректі,*<br>*Барлық бала саяласын.* | *бірлесе жасайды* |
| ***Ұйымдастыру-ізденушілік*** | *Балалар, бүгін мен сендерге бір жұмбақ алып келдім.*<br>*Қане, жауабын шешіп көріңдер:*<br>*Төрт аяғы дөңгелек, Екі көзі жанады. Рулін бұрсаң егер де, Керек жерге барады.*<br>*(Машина-көлік)*<br>*Дұрыс айтасыңдар, балалар, бүгін көліктер туралы айтатын боламыз. Қанекей экранға назар аударып, көлік түрлерімен танысайық.*<br>*Слайд: «Көліктермен танысайық»*<br>Балалар сендер көліктер туралы тақпақтар білесіңдер ме?<br>Сағадат:<br>Үлкен болып өскенде,<br>Машина аламын менде.<br>Бірақ ол үшін әрине,<br>Оқу керек күнде.<br>Нойла:<br>Түрі-түсін атауын,<br>Оңай емес жаттауға.<br>Қазіргінің тұлпары,<br>Көлік жүйрік шықты алға. | *қызығушылық танытады.*<br><br>*жұмбақтың шешімін табады.*<br><br>*мұқият тыңдайды.*<br><br>*слайд тамашалайды.*<br><br>*Балалар тақпақтар айтады. Суреттерге* |

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | *жүргіншілердің жолымен өтуіміз керек.*<br>*–Ал ондай белгі болмаған кезде, оң жағымызға және сол жағымызға қарап көлік жоқ кезде өтуіміз керек.*<br>*– Көшеде ойнауға болмайды.*<br>Жауаптарын толықтыру.<br>*-Ал көлік жүргізушілеріне жол ережесін сақтауға бағдаршам көмектеседі.*<br>*-Мына суретте не бейнеленген? Бағдаршамның үш көзі бар. Қане, түстерін атайық.*<br>*Қызыл түс жанғанда – тоқтау керек. Сары түс жанғанда дайындаламыз. Ал жасыл түс жанған кезде жүру керек.*<br>*Балалар бағдаршам жайлы кім тақпақ біледі?*<br>*Аяла:*<br>*Көлік жүрді, көлік жүрді.*<br>*Бағдаршамға тоқтады.*<br>*Жасыл жанды, жасыл жанды.*<br>*Көліктер де тоқтады,*<br>*Адамдар жүре бастады.*<br>*Балалар адамдарға көп қызмет ететін көліктер де бар олар: Жедел жәрдем көлігі, өрт сөндіруші көліктер. Балалар осы көліктерді кімдер жүргізеді? Жүргізушілер түнімен, күнімен қызмет атқарады, бұзылған көліктерді жөндеп жүргізеді екен, сондықтан ол кісілердің еңбегін бағалауымыз керек.*<br>*Д/О: «Кім қандай көлікпен келеді»*<br>*Мақсаты: Арнайы көлік түрлерін таныстыру.*<br>*Жарайсыңдар балалар. Дымбілмес те сендерге көмектесті. Менде бір ұсыныс бар, Дымбілмеске әдемі есім берейік.*<br>*Әдемі есім екен, Дымбілмес саған ұнады ма? Ендеше Көкетаймен жұмбақ оынын ойнап, бір билеп серігіп алайық. Сергіту сәті: Жұмбақ ойыны. Дымбілмеспен* | *жол жүру ережесін айтады.*<br><br>*мұқият тыңдайды.*<br><br>*Қызыл, сары, жасыл.*<br>*Бағдаршам көздері нені білдіретінін айтады.*<br><br>*тақпақты айтады.*<br><br>*-жүргізушілер.*<br><br>*ойынды қызыға ойнайды.*<br>*-Көкетай болсын* |

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | қоштасады.<br><br>Ал ендеше балалар шығармашылық алаңға барайық.<br>Ұлдар: Көліктерге доңғалақ мүсіндейді.<br>Қыздар: Көлікпен серуенге тамаша ауа райын жасайды. | сергіту сәтін жасайды.<br><br>қоштасады.<br><br>пішіндер арасынан дөңгелекті тауып жапсырады.<br>бұлттар мен күнді жапсырады. |
| ***~~Жетекші-жөндеуші~~*** | *~~Сұрақ-жауап әдісімен тақырыпты қорыту. Балаларды мадақтау~~* | *~~Сұрақтарға жауап береді.~~* |

***Күтілетін нәтиже:***
***Білуі қажет:*** *Көлік түрлерін біледі;*
***Қалыптасқан түсініктер:*** *Қандай көліктердің арнайы көлік екен түсінеді;*
***Орындаушылық қабілеті:*** *Шартына қарай ойындарды ойнап, сұрақтарға жауап береді. Шығармашылық тапсырмаларды орындайды.*

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner